

АЙНАЛЫСТА БОЛУ МЕРЗІМІ 12 (ОН ЕКІ) АЙДАН АСПАЙТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Эмитенттің толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын (егер бар болса) тілдерінде.

Толық атауы:

Қазақ тілінде:	"GoldFinMarket" Ломбарды" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орыс тілінде:	Товарищество с ограниченной ответственностью "Ломбард "GoldFinMarket"
Ағылшын тілінде:	«Lombard «GoldFinMarket» Limited Liability partnership

Қысқаша атауы:

Қазақ тілінде:	"GFM" Ломбарды" ЖШС
Орыс тілінде:	ООО "Ломбард "GFM"
Ағылшын тілінде:	«Lombard «GoldFinMarket» LLP

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

230140025888

3. Эмитенттің уәкілетті органының айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар шығару туралы шешім қабылдаған күні:

15.09.2025

4. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

Облигациялардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Облигациялар саны: 800 000 (сегіз жүз мың)

Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі: 800 000 000 (сегіз жүз миллион) Теңге

2) номиналды құнын сипаттайтын валюта көрсетілген бір облигацияның номиналды құны:

1 000 (бір мың) Теңге

3) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі:

Облигациялар айналысының басталу күні:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигацияларды айналымға салуды бастау күні («Айналымды бастау күні») «Қазақстан қор биржасы» АҚ («Биржа») сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы жүргізілген сауда-саттықты өткізу күні болып табылады. Айналымды бастау күні туралы ақпарат Биржа веб-сайтында жарияланады (<http://www.kase.kz>).

Облигациялардың айналыс мерзімі:

Ай: 0

Күн: 360

4) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

Купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигацияларды айналдыру мерзімінің соңына дейін белгіленген мөлшерлеме болып табылады және Облигациялардың Номинал құнының жылдық 22% (жиырма екі пайыз) құрайды.

5) облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімі:


Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап ай сайын Облигациялардың айналымының барлық мерзімі ішінде жылына 12 (он екі) рет жүргізіледі. Есептеу негізі 30/360 (айына отыз күн, жылына үш жүз алпыс күн). Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні аяқталады. Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - «Тіркелген күн») шығарушының бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді. Сыйақы төлеу Тіркелген күнгі жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына Шығарушының ақша аударуы арқылы тіркелген күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырылады. Әрбір Облигация ұстаушысына төлем жасалатын күнге төлеуге тиісті купондық сыйақы сомасы тиісті Облигация ұстаушысына тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының айлық мөлшерлемесінің (он екіге бөлінген Облигациялар бойынша жылдық купон мөлшерлемесі) туындысы ретінде есептеледі. Ондық таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялардың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады. Түпкілікті сыйақы Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде номиналды құнын өтеумен бір мезгілде төленеді.

6) облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар Номинал құны бойынша, Облигацияларды айналдыру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде өтеледі. Соңғы купондық төлемді қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент облигацияларды өтеу сомасын есепке алу үшін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған шотқа облигацияларды ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып, әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпаратты аударарды.



Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

**ШОЙБЕКОВ КАЛИЖАН
АШИРБЕКУЛЫ**
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

